

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

ҚАЗАҚСТАНДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕНІ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жумабекова Ф.Н.

П.ғ.к., профессор

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аннотация. В статье изучаются важные вопросы развития дошкольного воспитания в Казахстане. Важнейшими вопросами развития дошкольного воспитания и обучения являются раннее развитие ребенка, изменение подходов в процессе образования и обучения, методическое обеспечение деятельности дошкольных организаций, повышение качества дошкольного воспитания и обучения и активизация работы с родительской общиной. Придавая большое значение воспитанию ребенка, семья, организации образования способствуют формированию поколения, которое гарантирует будущее общества. В Новом Казахстане необходимо акцентировать внимание на развитии дошкольного воспитания. Правильное воспитание и качественное образование молодого поколения будет зависеть от высокой организации деятельности в семье и организациях образования.

Ключевые слова: развитие дошкольного воспитания, трансформируемая игра, инклюзивная развивающая среда, национальная культура, традиция, учебная деятельность, модернизация образования.

Abstract. The article studies important issues of the development of preschool education in Kazakhstan. The most important issues of the development of preschool education and education are the early development of the child, a change in approaches in the process of education and training, methodological support for the activities of preschool organizations, improving the quality of preschool education and education and intensifying work with the parent community. Attaching great importance to the upbringing of the child, the family, educational organizations contribute to the formation of a generation that guarantees the future of society. In New Kazakhstan, it is necessary to focus on the development of preschool education. The correct upbringing and quality education of the younger generation will depend on the high organization of activities in the family and educational organizations.

Key words: development of preschool education, transformable game, inclusive developing environment, national culture, tradition, educational activity, modernization of education.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (қала мен ауыл арасындағы білім сапасындағы айырмашылықты азайту, педагогтің білімін жаңарту, білім беруді модернизациялау, трансформациялау, зерттеу мен дамуды ынталандыру т.б) және кірісті әртараптандыруды кеңейтеді. Университеттердің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және академиялық үздік 10 жоғары оқу орнын таңдау жобасы белгіленген. Демек, жоғары оқу орындарында мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің сапасын арттыруға еңбектенетін, жылдам өзгертін әлемге, дербес және жауапты іс-әрекетке бейімделе алатын педагогтерді даярлауды дамыту маңызды мәселе болып отыр [1].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін» іске асыруда жоғары оқу орындары мен колледждерде мамандар даярлаудың сапасын арттыру мәселесін шешудің кешенді тәсілдерін қарастыруды көздейді. Атап айтқанда: оқу бағдарламаларының мазмұнын қайта қарау, вариативтік оқу бағдарламаларын әзірлеу, оқытудың әртүрлі әдістемелері мен технологияларын, білім беру процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін тиімді пайдалануға басымдық беріледі. Баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған трансформацияланатын ойын және тақырыптық аймақтар, инклюзивті дамытушы орта құруға, ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік

құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыруға білікті болуы қажет – деп көрсетілген [2].

Бұл тұрғыдан мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінде күтілетін нәтижелердің бірі «ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру, отбасымен ынтымақтастық нысандарын кеңейту» деп көрсетілген.

Модельдің 3-тармағында балаларды ерте жастан дамытуда ұлттық құндылықтарды заманауи теорияларымен үйлестіру басты бағдарға алынғаны қуантады [2].

XXI ғасыр – ақыл-ойдың, білім мен ғылымның, жоғары технологиялар заманында халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтастай тәрбие берудің сапасын арттыру – білімдер ұрпақ әлеуетінің негізі болмақ.

Жылдам өзгермелі кезеңде мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруге байланысты нормативтік құжаттарға өзгерістер енгізіліп, жаңа модель, жаңа нұсқаулар дайындауда оның мазмұныны жаңарту және оның ғылыми тұрғыдан негізделуіне терең зертеу жасау, әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуде ұлттық білім саласындағы заңнаманы жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындап алу.

Жаңа Қазақстанда халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыруда «су басынан тұнатыны» сияқты білім берудің алғышқы сатысы мектепке дейінгі тәрбиені дамытуға баса назар аудару қажет.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың маңызды мәселелері ретінде баланы ерте жастан дамыту, білім беру және оқыту үдерісіндегі тәсілдерді өзгерту, мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын арттыру және ата-аналар қауымымен жұмысты жандандыру қажет.

Бүгінде Қазақстанда мектепке дейінгі жүйеде не істелді деген сауалға жауап іздейтін болсақ:

1. Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының желісі көбеюде, материалдық базы нығайтылуды, балалар саны қарқындап өсуіне орай оны қамтамасыз ету мәселесі шешілуде.
2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандартына өзгерістер енгізілуде.
3. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың дамытудың моделі дайындалып, бекітілді.
4. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесін жаңғырту, (модернизациялау) белгіленді.
5. Баланың тұтас дамуы, баланың қажеттіліктері, дамытушы орта, қолдау көрсететін қарым-қатынас, мәнді өзара әрекеттесудегі маңызды ұғымдар анықталды.
6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасының критерийлерін әзірлеу қажеттілігі анықталды.
7. Еліміздегі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту сапасын 3 жылдық зерттеу басталып, кейіннен сапа көрсеткіштері және тәрбие мен оқыту сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін әзірлеу көзделіп отыр.

Сондай-ақ, мектепке дейінгі білім беру саласына қандай өзгерістер қажет?

1. Білім беру бағдарламаларын заманауи ғылыми мәліметтерге негіздей отырып бірлескен зерттеулер жүргізілуі керек.
2. Типтік оқу жоспарын қайта қарап еркіндікке бағдарлау, баланың қызығушылығына басымдық беру (олардың ойлары, бастамасы, баланың таңдауын ескеру).
3. Мектепке академиялық дайындық емес, ойын арқылы дағдыларды дамытуға көңіл бөлу.
4. Балаларға қозғалыс еркіндігін және барынша молырақ белсенділік беруіміз керек.
5. Педагогтарды дайындау бағдарламаларына өзгерістер енгізу қажет.
6. Педагогтарды дайындауда мүмкіндігінше практикалық тұрғыдан, тәжірибеге бағдарланғанын қарау.
7. Педагогикалық университеттерде болашақ мамандар үнемі ғылыми зерттеулермен айналысу үшін балабақшада зертханалардың болуын қамтамасыз ету.
8. «Болашақ» бағдарламасы бойынша педагогикалық кадрлар мен ғалымдарды мектепке дейінгі балаларды дамыту саласындағы мамандықтар бойынша мақсатты түрде дайындау

қажет.

Осы өзгерістерді жүзеге асыруда «Баланды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген халық далағын ескере отырып оны жетілдірудің тиімді жолдарын қарастыруымыз керек.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов: Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек – дейді. «Біз әрқашанда білімге ұмтыламыз. Негізінде, ең бірінші тәлімге ұмтылуымыз керек, тәрбиелі білім беруде, тәлімді рух қажет [3].

«Балаларға көп үйретем деп, асығып шала-шарпы үйретуден, аз да болса, анықтап нық үйрету абзал». Әрбір баланың бақытты өмір сүруі үшін жағдай жасау, қызығушылықтары мен қабілеттерін ашу және дамыту көзделеді.

Мағжан Жұмабаев: «Әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесін жетік білуге және сол бағытта тәрбие қылуға міндетті». Егер де адам баласына төрт тәрбие: дене, ақыл, сұлулық, һәм құлық тәрбиесі тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны-деп қалың жұртты қазақы тәрбиені жоғалтып алмауға міндеттейді. Бүгінгі таңда балабақшада балалардың ойлауы да сөйлеуі де орысша болып отырғаны алаңдатады. Өз ана тілін білмеген ұлт не болады? Соның ішінде жас ата-аналарға бала тәрбиесіндегі адами рухта, ана тілінде өсіруге кеңес берудің тиімді тетіктерін табуымыз керек [4].

Баланы тәрбиелеуге зор мән беру арқылы отбасы, білім беру ұйымдары қоғам болашағына кепіл болатын ұрпақты қалыптастыруға септігін тигізеді.

«Тәрбие тал бесіктен» дейтін ұлттық дәстүріміз бен құндылықтарымызды ескере отырып, ата-аналарға, соның ішінде жас ата-аналарға бала тәрбиесінде жан-жақты кеңес берудің заманауи тетіктерін іске асыруда мектепке дейінгі тәрбиенің негіз қалаған ұстаз, этнограф, аудармашы, журналист Назипа Құлжанова: “Ойын – баланың шын тіршілігі... Төңіректегі нәрседен өзіне қызықтысы ғана көзіне түсіп, ықылас тартады және бір мінезі – сөйлеуге жалықпайды. Тынымсыз қимылының бәрі сөзімен жалғасып жүреді – деген идеясы бүгінде моделдегі оқу қызметін ойын іс-әрекеті арқылы ұйымдастыруға негіз болады [5].

Олай болса, жаңа Қазақстанда ұлттық тәрбиенің бренді түркі даналары нұсқаған: «Ізгілік ілімі», «Хал ілімі», «Жан қуаты ілімі», «Толық адам», «Ар ілімі»-ілімдерін тәрбиенің тірегіне айналдыру педагогтардың қызметіне тікелей байланысты. Бүгінгі тәрбиеші-педагогтар осыған жетік мән беріп отыр ма? деген сұрақ туындайды. Алдымен тәрбиеші педагог осы ілімдерді өзіне дарытып барып, бала тәрбиесіне арқау етуі қажет деп санаймыз [6].

Жас ұрпақтың дұрыс тәрбиесі мен сапалы білім алуы отбасында және білім беру ұйымдарындағы қызметтің жоғары деңгейде ұйымдастырылуына байланысты болмақ.

Баланы тәрбиелеуге зор мән беру арқылы отбасы, білім беру ұйымдары қоғам болашағына кепіл болатын ұрпақты қалыптастыруға ықпал етеді. Әрбір баланың әлеуметтік жағдайын ескере отырып жеке ерекшеліктеріне сәйкес қарым-қатынас құру жақсарады, тәрбиенің үш тұғыры – ата-ана, мектепке дейінгі ұйым және қоғамның ынтымақтастығы нығаяды.

Ойымызды қорыта келе мынадай ұсыныстар:

– педагогтерді даярлауда және білім жетілдіру курстарының мазмұнын практикамен ұштастыру. Ол үшін педагогикалық мамандыққа дайындайтын ЖОО жанынан ресурстық база ашу, соның ішінде балабақшалармен байланысты нығайту, дуальді оқытуға басымдық беру;

– осы сала бойынша магистратура, доктарантура ашу, оқу үдерісінің сапасына қол жеткізу үшін білім беру бағдарламаларын толық жаңарту және академиялық ұтқырлық бойынша мамандарды шетелдерде тағылымдамадан өткізу т.б. арнайы білімі бар мамандарды көбейту;

– оқу-әдістемелік құралдардың сапасын арттыруда сараптамалық кезеңнің талаптарын күшейту, нақты бірыңғай өлшем шарттар арқылы іріктеу;

- білім беру ұйымдарының басқару жүйесінің тиімділігін арттыру, балабақша меңгерушілерін базалық біліміне сәйкес тағайындау, қазіргі базалық білімі жоқ мамандарды қайта даярлау, оқу-әдістемелік құралдардың сапасын арттыру, сараптау өткізу;
- ана тілінде баланың жасына, психологиясына және түсінігіне лайықты көркем шығармалар, мультфильмдерді көбейту; қазақ тіліндегі қосымша ресурстардың жоқтығы орыс тілді контенттерді ығыстыра алмай жатқандығына байланысты, осы мәселеге мемлекеттік деңгейде мән беруді ұсынамыз;
- ЖОО-дар мен колледждерге лайықты, бейімді талапкерлерді іріктеу жүйесін жасау, «Тәрбиеші педагогтарды дайындау тұжырымдамасын» қабылдау, мектепке дейінгі ұйымдарды тексеруге емес, әдістемелік бағытта қолдау көрсету, материалдық-техникалық базаны нығайтуға басымдық беру;
- жаңашыл педагогтің бәсекеге қабілетті болуында өз білімін үздексіз
- 012-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бағыты бойынша магистратура, докторантураның санын көбейту және инновациялық мектепке дейінгі ұйымдардан зертханалар ашу және бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ЖОО-да педагогтерді даярлау және педагогтардың білім жетілдіру курстарының практикалық бағытына басымдық беру. Бұл үшін ЖОО-ның базалық мектепке дейінгі ұйымдармен серіктестігін күшейту, кафедра филиалдарын ашу; алдыңғы қатарлы педагогтарды практикалық сабақтар жүргізуге тарту;
- мектепке дейінгі ұйымға арналған оқу-әдістемелік құралдардың сапасын арттыру үшін сараптама жасаудың талаптарын күшейту.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2019 ж.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі». 2020 ж.
3. Ахмет Байтұрсынов. «Қазақша оқу жайынан». «Қазақ» газеті. 1913.
4. Мағжан Жұмабаев. "Педагогика" (1922)
5. Назипа Құлжанова. «Мектептен бұрынғы тәрбие» 1923.
6. Жумабекова Ф.Н. Иманбаева З.М. Ұлттық құндылықтарға негізделген «Өркендеу» бағдарламасы – жаңа жоба. Астаналық әдістеме. №1(ОІ) қыркүйек. 2020. 10-14 б.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ ӘСЕРІ

Жуматова Жұлдыз Жанатқызы

Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің химия пәнінің оқытушысы, жарытылыстану ғылымдарының магистрі
Силам Айдана Ашимбекқызы, филология бөлімінің 1 курс студенті
 Ақмола Облысы, Көкшетау қ., zhuldyz_zhumatova@inbox.ru

Аннотация. В данной статье рассматриваются инновации содержания образования, новые методики обучения и способы организации занятий. В настоящее время введение новых образовательных стандартов требует улучшения качества образования, внедрение новых инновационных методов обучения и воспитания будущего поколения. Инновации в процессе обучения направлены на повышение эффективности воспитания и образования: организацию совместной деятельности учителя и учащегося. Обновление образования формирует не только знания учащихся, но и навыки их применения, в частности, функциональную грамотность или компетентность.